

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 шілдедегі N 1035 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 12 маусым N 956.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.08.12. N 1253 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің Үкіметінің 12.08.2000. № 1253 қаулысымен.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ТМД

Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауарлық номенклатурасы туралы үкіметаралық Келісімдерін жүзеге асыру және тауарлардың кодтары мен сипаттамаларын оның жаңа редакциясына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Биржалық тауарлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 шілдедегі N 1035 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 26,

302-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

"қара бидай" деген жолдағы:

"1002" деген сан "100200000" деген санмен ауыстырылсын;

"Арпа" деген жолдағы:

"1003" деген сан "100300" деген санмен ауыстырылсын;

"Сұлы" деген жолдағы:

"1004" деген сан "100400000" деген санмен ауыстырылсын;

"Сорго" деген жолдағы:

"1007" деген сан "100700" деген санмен ауыстырылсын;

"Уатылған және уатылмаған соя 1201" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"жарылған не жарылмаған соя бұршақтары "120100".

"рапстың уатылған және уатылмаған тұқымы" деген жолдағы:

"1205" деген сан "120500" деген санмен ауыстырылсын;

"Дәнді күріш, жарма күріш" деген жолдағы:

"1206" саны "120600" деген санмен ауыстырылсын;

"Замш (қой, қозы және басқа да жануарлардың терісін қоса)" деген жолдағы:

"4108" деген сан "410800" деген санмен ауыстырылсын;

"Қаракөл елтірісі" деген жолдағы:

"43013000" деген сан "430130000" деген санмен ауыстырылсын;

"Талшықты мақта" деген жолдағы "5201, 5203" деген сандар

"520100, 520300000" деген сандармен ауыстырылсын;

"Жануарлардың жүндері (биязы немесе бұдыр) ангор қояны, түйе, ангор ешкісі 5102" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Ангор қоянының, түйенің, ангор ешкілерінің биязы жүні 5102";

"Мұнай өңдеу өнімдері" деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Өңделмеген мұнайдың ұқсатылған өнімдері 271000270-271000320",

"271000340, 271000360", "271000740-271000780".

2. Осы қаулы 1997 жылдың 15 маусымынан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң